

## Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есебі

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде 6D070100-«Биотехнология» мамандығы бойынша диссертациялық кеңес құрылды, ол ҚР БҒМ БҒССҚЕК төрағасының 02.05.2019 жылғы №432 және 11.07.2022 жылғы №315 бұйрықтары негізінде ашылды.

1. 2022 жылы өткізілген мәжілістер саны – 4.

2. Диссертациялық кеңес мүшелерінің Т.А.Ә (ДК).

**Диссертациялық кеңестің құрамы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті ректорының 24.06.2019 жылғы №42 бұйрығымен бекітілді.**

1. Алибаев Нурадин – 06.02.01 – Ауыл шаруашылығы малдарын өсіру, селекциясы, генетикасы және көбейту мамандығы бойынша ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің профессоры.

2. Кедельбаев Бахытжан Шильмирзаевич – 05.17.04 – Негізгі (ауыр) органикалық синтез өнімдерінің технологиясы мамандығы бойынша техника ғылымдарының докторы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің профессоры.

3. Сапарбекова Альмира Амангельдыевна – 03.00.07 – Микробиология мамандығы бойынша биология ғылымдарының кандидаты, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің профессоры.

4. Муталиева Ботагоз Жаксылыковна – 02.00.11 – Коллоидтық және мембраналық химия мамандығы бойынша химия ғылымдарының кандидаты, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің доценті.

**Диссертациялық кеңестің мерзімінің аяқталуына байланысты, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті ректорының 09.05.2022 жылғы №156 бұйрығымен жаңа құрамы бекітілді.**

1. Алибаев Нурадин – 06.02.01 – Ауыл шаруашылығы малдарын өсіру, селекциясы, генетикасы және көбейту мамандығы бойынша ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің профессоры.

2. Жамбакин Кабыл Жапарович – 03.00.23 – Биотехнология мамандығы бойынша биология ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Өсімдіктер биологиясы және биотехнологиясы институты» РМК бас директоры, Алматы қ.

3. Сапарбекова Альмира Амангелдиевна – 03.00.07 – Микробиология мамандығы бойынша биология ғылымдарының кандидаты, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің профессоры.

4. Ахметсадыкова Шынар Нурлановна – 6D070100-Биотехнология мамандығы бойынша PhD докторы, «Антиген» ЖШС «Микробиология» ҒЗИ зертханасының меңгерушісі, Алматы қ.

### 3. Білім алған мекемені көрсетумен докторанттар тізімі.

№	Т.А.Ә	Білім алған мекеме	Шифр, мамандығы	Қорғау күні	Шешім, Бұйрық №,
1	Абубакирова Ажар Абдугаппаровна	М.Әуезов атындағы ОҚУ	6D070100-Биотехнология	28.04.2022 ж.	PhD дәрежесін беру, 17.06.2022 жылғы №247
2	Кудасова Дариха Ерадиловна	М.Әуезов атындағы ОҚУ	6D070100-Биотехнология	29.04.2022 ж.	қайта қорғау, 02.11.2022 жылғы №17-5/195-И

4. Есеп беру жылында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау, келесі бөлімдер бөліп көрсетілген:

4.1 Абубакирова Ажар Абдугаппаровнаның диссертациясына қысқаша талдау жасау.

#### 1) Қарастырылған жұмыстардың тақырыбын талдау

**6D070100-Биотехнология** мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне ұсынылған **Абубакирова Ажар Абдугаппаровнаның «Оңтүстік Қазақстанның өсімдіктері мен тұзқұрамды шикізаттарына негізделген косметологиялық препараттарын өндірудің биотехнологиялық үрдістерін құрастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына қысқаша талдау.**

Диссертациялық жұмыста Оңтүстік Қазақстанның өсімдіктері мен тұзқұрамды шикізаттарын пайдаланып, косметологиялық препараттар алудың биотехнологиялық мүмкіндіктері зерттелді.

**2) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағыттарымен байланысы.**

Диссертациялық жұмыс БҒМ Ғылым комитеті қаржыландыратын гранттық ғылыми-техникалық жобалар аясында жасалынған: 1) «Отандық құрамында тұз бар және өсімдік шикізатын фармакологиялық зерттеу негізінде жаңа косметологиялық өнімді өндіру және оның прототипін алу технологиясын әзірлеу» (2018-2020), (мемлекеттік тіркеу № 0118РК01370).

**3) Диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау**

Диссертациялық жұмыста Қазақстанның оңтүстігіндегі өсімдік және тұзы бар шикізат ресурстарын пайдалана отырып, косметологиялық өнімдерді алудың биотехнологиялық мүмкіндіктері зерттелді.

Қазақстанның оңтүстік аймағының тұзды және өсімдік шикізаттарының негізінде косметикалық өнімдер алудың биотехнологиялық сызба нұсқасы әзірленді.

Тұзды және өсімдік шикізатына негізделген 16 косметологиялық өнімнің алғашқы прототиптері алынды және моделді және нативті жағдайда сынақтан оң бағалы нәтижемен өтті. Талдау нәтижелері бойынша Арал өңіріндегі Жақсықылыш көлінің құрамында тұз бар шикізаты көп жағдайда галит, астраханит, гексагидрат, гипс және мирабилит тұздарынан тұратыны анықталды, ондағы натрий хлоридінің (NaCl) үлесі  $98,8 \pm 3,4\%$  -  $99,4 \pm 2,7\%$ .

Арал теңізі аймағындағы флора теңіздің кебуі кезеңдеріне және еден бедеріне байланысты түзілген бес ландшафтты құрайды, тұздың әсерінен пайда болған геоморфологиялық құрылымдарда орныққан өсімдік қауымдастықтары 14 тұқымдастарының өкілдерінен құралған, соның ішінде 13 дәрілік өсімдік түрлері косметология мүддесіне жарамды, ал құрамы HS-SPME коэффициенті бойынша жүргізілген зерттеу нәтижесіне орай дәрілік өсімдіктің 8 түрінде табылған 176 - 206 органикалық қосылыстар косметикалық өнімдерде пайдалануға жарамды етті.

Зерттеулер нәтижесінде фарма – косметологиялық өндіріс нәтижесінде түзілетін қалдық суларды тазартудың биокоагуляция және фиторемедиация тазалау сатыларынан тұратын биотехнологиялық әдісі жасалды.

Өндірістен шыққан қалдық суларды бактериалды дақыл сұйықтығымен өңдеу және фитомелиоративті тазалауға Түркістан облысының гидромакрофиттерін пайдалану судың тазалану дәрежесі 72,35 тен 100% арттырады.

Зерттеу нәтижесінде келесідей инновациялық патенттер алынды:

№3429 «Өсімдік шикізаты негізінде сауықтыру қауызына арналған құрам», №34660 «Табиғи шикізат негізінде ауыз қуысын күтуге арналған кешен».

4.2 Кудасова Дариха Ерадиловнаның диссертациясына қысқаша талдау жасау.

### **1) Қарастырылған жұмыстардың тақырыбын талдау;**

**6D070100-Биотехнология** мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне ұсынылған Кудасова Дариха Ерадиловнаның «Биологиялық белсенді ингредиенттерді пайдалану тиімділігін арттыру мақсатында микрокапсуляциялау технологиясын әзірлеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына қысқаша талдау.

Диссертациялық жұмыста биологиялық белсенді ингредиенттерді пайдалану тиімділігін арттыру мақсатында микрокапсуляциялау технологиясын әзірлеу бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді.

**2) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағыттарымен байланысы;**

Диссертациялық жұмыс ҚР БҒМ-нің 2018-2020 жылдары қаржыландырылған АР05132810 «Ауыл шаруашылығы өнімдерін

интенсификациялау үшін биологиялық белсенді заттар және өсімдіктерді өсіруге арналған принципиальды жаңа стимуляторлардың инкапсуляциялау технологиясының ғылыми-практикалық негіздері» тақырыбы бойынша грантын жүзеге асыру аясында орындалған (2018-2020 жж.).

**3) Диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау;**

Өсімдіктердің жаңа ынталандатқыштарын – аминфумар қышқылының туындыларын микрокапсуляциялау технологиясы жасалынған, онда жасалған жүйелер екпе дақылдарды өсіру үшін қолданылған: ынталандатқыштардың микрокапсуляцияланған түрлерінің морфологиялық және физиологиялық сипаттамалары; жаңа ынталандатқыштардың микрокапсуляцияланған түрдегі регуляторлық қасиеттері анықталған, бұл экологиялық қауіпсіздікті және жақсартылған функционалдық сипаттамаларын қамтамасыз етіп; екпе дақылдарының өсуі үшін ынталандатқыштарды микрокапсуляциялау технологиясын практикалық қолданудың тиімділігі анықталған; микрокапсуляцияланған ынталандатқыштарды өсімдіктердің өсуі мен дамуы үшін қолданылатын препараттар түрінде өндіріске ұсынылған.

Ғылыми зерттеу нәтижелері «МАРТ» ЖШС енгізілген.

Зерттеу нәтижелері белсенді агенттерді микрокапсуляциялау үшін дайындалған жүйелерді пайдалануға мүмкіндік береді, сонымен қатар микрокапсулалардың дайындалған құрамына енгізілген ынталандатқыштар кешендері ауыл шаруашылығы өндірісінде әртүрлі өсімдік дақылдарына өте тиімді пайдалануға жарамды.

5. Ресми рецензенттер жұмысын талдау (сапасыз рецензиялардың мысалдарымен).

Ресми рецензенттер жұмысы өз деңгейінде жүргізілді.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар.

Ғылыми кеңесшілеріне және жұмысты ұсынған «Биотехнология» кафедрасына сын ескертпелер айтылып, диссертациялық кеңес мүшелеріне қорғауға қабылданатын жұмыстарды түбегейлі грамматикалық, стилистикалық және орфографиялық деңгейде толық мазмұнды қаралуы тапсырылып, жұмыстарда осындай келеңсіз мәселелер қатаң бақылауға алынатындығы шешілді.

7. Философия докторы (PhD), дайындық бағыттары ескерілген бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін диссертациялар саны:

1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттары) – 2.

2) қараудан шығарылған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттары) – 0.

3) рецензенттерден теріс пікірлер алынған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттары) – 0.

4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешімі бар диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттары) – 0.

5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттары) – 0.

6) қайта қорғауға бағытталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттары) – 1.

ДК төрағасы  (қолы, ТАӘ)  
ДК ғылыми хатшы  (қолы, ТАӘ)

Мер. Күнi « 06 » 01 2023 жылы.

